

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты**



**XV ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

Алматы, 2018

УДК 812.512.122.0 (063)

ББК 83.3 (5Қаз)

Ж 66

Редакциялық алқа:

Қалижанов У (төраға), Қалиева А, Әзібаева Б., Қонаев Д., Пірәлі Г., Исмақова А., Қорабай С., Хамраев А., Әлібек Т., Мұқан А., Қаныкейұлы Е., Рахымжан К.

Жауапты шығарушы: Сундетпаева А.А.

ISBN 978-601-7946-14-2

Ж66 XV ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ: XV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2018. – 345 бет.

Жинаққа 2018 жылдың 27 қыркүйегінде өткен дәстүрлі «Әуезов оқулары» атты XV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары топтастырылды.

Кітап ЖОО студенттері мен магистрантарына және жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 812.512.122.0 (063)

ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7946-14-2

© М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты

МАЗМҰНЫ

<i>Қалижанов У</i>	Кіріспе сөз.....	9
<i>Акматалиев А.</i>	М.О.Әуезов және қырғыз мәдениеті.....	10
<i>Мырзахметов М.</i>	М.О.Әуезовтің зерттеулеріндегі Абайдың өлең құрылысы.....	14
<i>Мәдібай Қ.</i>	Мұхтар Әуезов және абайтану ғылымы.....	18
<i>Әзібаева Б.</i>	М.О.Әуезовтің қазақ эпосы кейіпкерлерінің типтері жөніндегі концепциясы.....	25
<i>Ақыш Н.</i>	Әуезов әлемінің көркемдік әсері.....	36
<i>Ісімақова А.</i>	М.О.Әуезовтің «Әдебиет тарихындағы» теориялық ұстанымдар.....	42
<i>Қалиева А.</i>	Д.Рамазан әңгімелерінің поэтикасы.....	48
<i>Пірәлі Г.</i>	М.Әуезовтің манастанудағы теориялық тұжырымдары.....	63
<i>Рахымжанов К.</i>	М.Әуезовтің мұғалімдер семинариясындағы студенттік жылдары.....	72
<i>Рахманова Н.</i>	«Абай жолы» эпопеясындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім.....	79
<i>Ананьева С.</i>	Мухтар Ауэзов: новые переводы и исследования.....	91
<i>Мұқан А.</i>	М.Әуезов және музыкалық театрдың даму белестері.....	97
<i>Омарова А.</i>	Наследие М.О.Ауэзова в контексте проблем модернизации казахской традиционной музыкальной культуры.....	116
<i>Мұсалы Л.</i>	М.О.Әуезов шығармашылығындағы көркем бейнелеу (символ) жүйесі.....	136
<i>Sultan Y.</i>	Problems of genre boundaries in literature.....	141
<i>Қонаев Д.</i>	Об истории создания романа-эпопеи «Путь Абая» Мухтара Ауэзова.....	149
<i>Ханкей Е.</i>	М.О.Әуезов және Алаш ұранды көсемсөз (1917-1925 жж.).....	157
<i>Ойсылбай А.</i>	М.О.Әуезовтің эпистолярлық мұрасындағы әдеби байланыстар.....	170
<i>Ержанова С., Кутжанова Н.</i>	А.Байтұрсынов пен М.Әуезовтың ұлт-азаттық идеясы.....	177
<i>Жақан Д.</i>	«Қобыланды батыр» жырындағы сакралды	

	ұғымдардың қызметі.....	183
<i>Сәулембек Г.</i>	Постмодернизм: үлкен идеяларға, иерархияға жасалған ирония.....	189
<i>Құрманбай А.</i>	Мұхтар Әуезовтің «Бүркіт аңшылығының суреттері» әңгімесіндегі автор мен баяндаушының көркемдік қызметі.....	196
<i>Қазтуғанова А.</i>	Жаһандық дәуірдегі Абай күйлерінің жаңғыруы.....	207
<i>Жұматаева А.</i>	Абай лирикасындағы ой трагизмі немесе ақынның жалғыздық әлемі.....	215
<i>Тәшімова М.</i>	Ересектерге арналған қойылымдар қуыршақ театрында.....	224
<i>Оралбай А.</i>	«Өтеген батыр» жырының нұсқалары жайында.....	233
<i>Кенжеқұлова А.</i>	Эпостық кейіпкерлердің графикадағы көркем бейнесі.....	240
<i>Амирбекова Д.</i>	II Дүниежүзілік соғыс қаһармандарының кенестік қазақ киносындағы бейнелену ерекшеліктері.....	249
<i>Еспенова А.</i>	Қазақ дәстүрлі өнерінің даму кезеңдері: шеберлер шығармашылығының мысалында.....	257
<i>Мұратқызы А.</i>	Әлем кинематографиясы: қазақ балалар киносының тарихы.....	268
<i>Akmetova A.</i>	Images of turkic hagens who developed the idea of “Eternal Nation (“MANGİLİK YEL”) (According to the novel «Mangitas» written by T.Zakenuly).....	273
<i>Беркімбаева А.</i>	Өнертанудағы отандық пейзаж жанрының жалпы бейнесі.....	281
<i>Ахметова Г.</i>	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі ағаш культінің көркемдік қызметі.....	288
<i>Келсінбек М.</i>	Кескіндемеші Т. Қожағұловтың автопортреттерінің (төлтұлғаттар) көркемдік ерекшелігі.....	299
<i>Оразхан А.</i>	М.О.Әуезов және туған жер.....	317
<i>Тұрсынбекова Д.</i>	М.О.Әуезов және туған жер.....	322
<i>Еркенова А.</i>	М.О.Әуезов және туған жер.....	326
<i>Нұрпеис А.</i>	М.О.Әуезов және туған жер.....	329
<i>Тайжан Ә.</i>	М.О.Әуезов және туған жер.....	332
<i>Айдарбекова М.</i>	М.О.Әуезов және туған жер.....	335
<i>Құатова А.</i>	М.Әуезов және шешендік сөз.....	340

3. Баскаков Н.А. Душа в древних верованиях тюрков Алтая (термины, их значения, этимология). // Советская этнография. 1979. № 5.

4. Женщина по киргизской былине «Кобыланды» // Тандамалы шығармалары. Алматы, 1995.

5. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. Ранние формы и архаические памятники. М., 1963.

6. Лебедева Ж.К. Эпические памятники народов Крайнего Севера. Новосибирск, 1982.

Сәулембек Г.

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
PhD докторы*

ПОСТМОДЕРНИЗМ: ҮЛКЕН ИДЕЯЛАРҒА, ИЕРАРХИЯҒА ЖАСАЛҒАН ИРОНИЯ

Батыс дүниетанымында постмодернизмге дейін де Жаратушыны жоққа шығару идеясы Ницше, Хайдеггер сынды философтар, Г.Вахьян, П. Ван Бурен, Т. Альтицер сынды теотанатологтар еңбектерінде әр қырынан көрініс беріп отырса, постмодернистер М.Фуко, Ж.-Ф. Лиотар, Ж.Делез, Ф.Гваттари, Ж.Батай тарапынан да өзіне дейінгі ғалымдардың қалыптасқан жоғарғы құндылықтарға деген нигилистік көзқарастарын қолдау айқын байқалады. Ницшенің «біз Құдайды ұмытып кету арқылы өлтірдік» дейтін философиялық тұжырымдарын постмодернист-философтар жалғастырып алып кетті. Мысалы, Ж.Батай Жаратушының мекені қасиеттіні дүнияуиден бөліп тұратын шекарада дей келе, сол шекарадан адам аттағанда Жаратушы өледі деген пікірге ұластырды. У.Эконың: «Постмодернизм – это ответ модернизму: раз уж прошлое невозможно уничтожить, ибо его уничтожение ведет к немоте, его нужно переосмыслить, иронично, без наивности» [1, с. 77], – деген пікіріне сәйкес, Батыстық модернизм өкілдерінің

философиялық еңбектерінде онтологиялық тұрғыдан Жаратушыны жоққа шығару арқылы оның орнына «орынбасар» іздеу құбылысы басым болса, постмодернизм осы нигилистік көзқарастарды мирас етіп алумен қоса, ирониямен қайта пайымдау арқылы әлемді жаратушы, бұйырушы, бақылушы Құдайдың барлығына шүбә, күмәндану құбылысын, сондай-ақ діни плюрализмді де қатар алып келеді.

Жоғарыда айтып өткен постмодернизмнің күйретуші әсері Маркс пен Энгельстен мұра болып қалған атеизмнен тазара қоймаған дүниетаныммен ұштаса отырып, қазақ әдебиетінен де көрініс беріп отырғандығын Д.Нақыповтың «От орны» романынан байқаймыз. Қандай әдебиет болмасын өзі дүниеге келген қоғамның айнасы болғандықтан, постмодернистік мәтін әлеуметтік-мәдени кеңістіктің гипершындығын, шындығын, жаңа, симулятивті шындығын құрастыруға және анықтауға мүмкіндік береді.

Д.Нақыповтың «От орны» романы Жаратушыдан бастап «үлкен идеяларға, иерархияға деген шүбә» концептімен ерекшеленеді. Бұл орайда, жеке шығармашылық зертханасымен жұмыс жасамасақ та,

Возносил и сносил богов,
Я создал эти реки
И ветер швырнул в моря,
Ты, Земля,
Поклонись Человеку,
Твой бог –
Я [2, с. 213-214], –

деп, «Адамға табын, Жер, енді» сияқты атеистік танымдағы өлең жолдарын тудыруға себепші болған автордың өмір сүрген кезеңі, әлеуметтік орта мен кеңестік идеологияның әсерін жоққа шығара алмасақ керек-ті. Алайда романның кеңестік кезеңдегі секілді таза атеистік сипатынан гөрі постмодернистік шүбәлі ирониялық сипаты басым. Романда мәтіннің классикалық шығармалардағы секілді тұтастыққа

жасалған ирониядан басқа жаратылыс сырына, жалпы адамзат баласының наным-сенімдеріне, кеңес үкіметі тұсындағы саяси режим, сондай-ақ жеке мемлекет ретінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өміріндегі келеңсіз өзгерістерге деген әжуа түрлі деңгейде беріліп отырады. Адам ата мен Хауа ана заманынан бастап бүгінгі күнге дейінгі кез-келген құбылысты, құндылықтарды әжуалау, шүбә келтіру, мансұқтау шығарманың өн бойында «шүпілдеп» толып тұр. «Иман келтіргендердің түсінігіндегі ешқашан қателеспейтін Жаратушы шындығында солай ма?» – деген күмәнді сауалға қайта-қайта оралып отырады. «Итак, коли Адам и Ева из единой плоти (она из ребра его, не то дочь, не то сестра?), то выходит, по-житейски: их первое первое соитие-любопытство (т.е. прозрение) и дальнейшие уже прозаические половые отношение ничто иное, как инцест, кровосмешение, а это уже точно грех. Затем у них пошли дети разного пола, которые тоже сходились, т.е. грешили и рожали, естественно, и вновом поколении продолжали цепочку инцестов-кровосмешений [3, с. 78], – дей келе, Адам ата мен Хауа ана бір топырақтан жаратылған бауыр, яки Хауа Адам атаның қабырғасынан жаратылғандықтан бірі – әкесі, бірі – баласы екендігін айтып Жаратушының мінсіздігін тағы да сынға алады.

Роман кейіпкері Гевраның ой ағыны ретінде берілетін мәтінде Адам мен Хауаның «жеуге тыйым салынған жемісті жегені үшін жұмақтан қуылғаны» туралы мәтін мазмұны өзгеше мәнге ие болып, сол жаңа мазмұннан «егер Жаратушы Адамды еркек Хауаның жынысын әйел етіп жаратса, оларға сана, ақыл-ой, сезім берсе, олардың бірігуіне қаһарланып жерге түсіруінде не мән бар?... – деген ой туындатады. Кейіпкер ой ағынына ілесе отырып, олай болса: «Но... если Адам неудачный клон-копия самого творца, а Ева-адамов клон, хоть изыном – вагиной, то что стало быть Он-Сам вселенский экспериментатор, т.е. Творец и повинен

во всех следствиях своего обдуманного опыта сотворения человека»[3, с. 78], – дейді. Егер өзі жаратқан жан иелері күнә жасаса, Жаратушының мінсіз болмағаны деген ой айтады. Мұнда тек Жаратушының мінсіздігіне күмәнданып қана қоймай, «Ескі Өсиеттегі» Адам ата мен Хауа ананың жерге түсірілу себептері айтылатын мәтінге авторлық реминисценция арқылы ирониялық сипат берген. Мәтіннің реминисценциялық табиғаты түпнұсқа мәтінмен формалық жағынан да, мағыналық жағынан да кері мәнде берілген. Роман мәтінінен дәл осы секілді мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Мысалы: «Надо бы радоваться «творцу сущего», но тут он делает непонятный ход. Без всякой особой причины самим праведным (из всех прочих человеков) объявляется Ной, при этом вопреки человеколюбию и былой открытости творец составляет с ним заговор против остальных потомков адама и евы, советует хорошему Ною тайно строить ковчег, забрать из человеков только членов его семьи: жену, сыновей с женами, и «всяких тварей по паре» затем насылает «потоп» на землю...» [3, с. 117], – деген «Ескі өсиет» мәтіндеріндегі Нұһ пайғамбардың кезінде бұзылған қауымға пайғамбар етіп жіберіліп, әлемді топан су қаптағанда, оның Құдайдың бұйырығымен жасаған кемесіне өз әйелі, ұлдары және келіндерімен қоса, басқа жан-жануарлардың еркек-ұрғашысынан бір-бір жұптан отырғызып, апаттан аман-сау алып қалатындығы жөніндегі қиссаны қайта пайымдауға талпыныс бар. Интертекстуалдық орайда берілген мәтіндер аллюзия, пародия, реминисценция және т.б. арқылы қайта пайымдалып, қайта туып, бірнеше мәнге ие болады, басым көпшілігінде жоғарыдағыдай иронияның күйретуші сипатымен ерекшеленеді.

Интертекст мұнда оқырманмен риторикалық иронияға негізделген байланысқа құрылған. Алдымен айта кететін жайт, постмодернистік мәдениет көне мәтіндерді тірілтуге барынша үлес қосқанымен, дайын мәтіндер, яғни

дәйексөздер сол күйіндегі мағынасымен қабылданбайды немесе берілмейді. Постмодерн дәуірі тудырған мәдениеттің басты ерекшелгі де осында.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ мәдениетіне құдайсыздану үдерісі қай кезеңде де Батыс өркениеті арқылы келді. Кеңестік кезеңде күштеп ендірілген атеистік таным дінді салауатты ойлауға кедергі келтіретін адам санасындағы елеске балаған К.Маркстің: «Критика религии освобождает человека от иллюзий, чтобы он мыслил, действовал, строил свою действительность как *освободившийся от иллюзий*, как ставший разумным человек; чтобы он вращался вокруг себя самого и своего действительного солнца. Религия есть лишь иллюзорное солнце, движущееся вокруг человека до тех пор, пока он не начинает двигаться вокруг себя самого» (*курсив біздікі*) [4, с. 160], – деген философиясы арқылы келсе, постмодерн дәуірі ұсынған нигилистік таным философ, психоаналитик, тарихшы, мәдениет теориясын жасаушы М.Фуконың: «что действительно придает значение смерти Бога, как не эта странная солидарность между ошеломляющим доказательством его несуществования и самим актом его убийства? Но что значит убить Бога, который *никогда не существовал*? Возможно, что это означает нечто двойственное: убить, потому что он не существует, и убить, чтобы он не существовал в будущем, – конечно, во всем этом есть *причина для смеха*: убить Бога, чтобы освободить жизнь от его существования, которое ее ограничивает, но это также значит привести жизнь назад к тем пределам, что отменялись его беспредельным существованием, – это *подобно жертвоприношению*; убить Бога, чтобы вернуть его к этому ничто, этому отсутствию, каковым он является, и проявить тем самым его существование в центре света, что вспыхивает, оповещая о его присутствии – *ради экстаза...*» (*курсив біздікі*) [5, 131], – деген Ницшенің «Құдайдың өлімі» идеясына байланысты философиялық пікірлерінің ықпалы арқылы сіңісе бастаса

керек-ті. Біздің тұжырымымызға «От орны» романынан келтіріп отырған мысалдарымыз дәлел бола алатын тәрізді.

Жоғарыда алғашқы келтірілген мысалда автор Жаратушының мінсіздігін сынға алса, төмендегі мысалдарда нигилистік көзқарастың ирониялық сипаты басым екенін анық байқауға болады: «Споры по профессиональным разногласиям тоже давно утихли, *ибо никакого присутствия бога во вселенной так и не обнаружилось*, а все учения древних пророков были сведены в один «Букварь-заповедник», которым интересовались только специалисты» (*курсив біздікі*) [3, с. 100].

Жаратушының жоққа шығарудағы М.Фуконың «жоқ Құдайды өлтірудің мәні неде?» деген пікірі романда келтірілген Оносамдар өркениетінің ғаламнан Құдайды таба алмауы бір-бірімен идеялық тұрғыдан ұштасып жатқан концепциялар.

Постмодернизмдегі «Жартушының өлімі» метафорасы сыртқы себептер идеясынан бас тартуды мегзейді, яғни мұндағы басты мақсат – Жаратушы тарапынан салынған тыйымдардан, сыртқы қысым мен қорқыныштан азат болып, әрбір істе еркіндікке жету, сондай-ақ Жартушыдан басталатын иерархияны, тұтастықты жоққа шығару. Роман мәтініндегі мына мысал: «Внизуживущие, на сотни километров вокруг, не думали о гневе божьем, ибо слышали только грохот и видели отдаленные всполохи после мгновенного яростного росчерка молний на угольном пергаменте неба, возможно, прочитывая в этих раскаленных иероглифах тайные знаки о конце света, хотя это могло оказаться бессильным гневом вышнего, в который раз сознающего невозможность вмешаться в ход дел и жизни на земле и в людях» [3, с. 141] – деп Жаратушының адамзат баласының өміріне, тыныс-тіршілігіне ықпал ете алмайтын дәрменсіздігін алға тартады. Алайда, постструктуралистер ұсынған «Жаратушының өлімі» идеясынан бастап, оның осы мәтіндегі көрінісі адамзат баласының рухани бағыт-

бағдарынан, өмірінің мән-мағынасынан айыруға апаратын тура жол екендігі айтпаса да түсінікті жайт. Өйткені Жаратушыдан түскен кітапқа ие діндердің негізінде адамзат баласының теңдігі, барлығының құқының бірдейлігі айтылады. Алайда белгілі дәрежеде моральдік-этикалық және әлеуметтік иерархия және т.б. тұрғысынан шектеулер, тыйымдар, соған сәйкес ережелер де бар. Постмодернизмнің таңдаған жолы – шексіз еркіндік, осы шектеулерді жолынан ысырып тастау, сондай-ақ жоғары мен төменнің шекарасын жою. Ал бұл өз кезегінде ғаламның жаратылысындағы заңдылыққа қарсы шығу болып табылады. Сонымен, батыстық постмодерн мәдениетіндегі дүниетаным шығыс мәдениетіне де ықпалын жүргізіп отырғандығының айқын дәлелін М.Хайдеггер «онтологиялық нигилизм» деп атаған құбылыстың қазақ әдебиетіне жылыстап жеткендігінен аңғарамыз. Ғалымның пайымдауындағы құдайсыздану, оның барлығын мойындамау дүниежүзілік масштабты алып жатқан, қазіргі таңдағы адамдардың өмір сүру салтын, болмысын білдіретін дүниетаным көптеген халықтың санасын шарпыған. Постмодернизмнің осы радикалды нигилизмге негізделген сипатын ғалымдар тарапынан ақтап алушылар да жоқ емес. Мысалы, әлеуметтанушы ғалым В.Емелин постмодернизмге дейінгі теріс дүниетанымдық концепциялардың бір «жоғарғы» құндылық орнына келесісін қалыптастырса, постмодернистер құндылықтарға мүлде басқа көзқарас ұстанатындығын айтады. Ақиқатты дәстүрлі бейнелеу мен қабылдаудың басты категорияларын қайта қарастыру арқылы құндылықтарды бағалау тәсілі де өзгерді деп тұжырымдайды [6]. Ғалымның пайымдауындағы құндылықтарды қайта қарастыру кей жағдайда керек те шығар, алайда қаймағы бұзылмаған дәстүрлі діни ұстанымы бар елдің әдебиетіне діни нигилизм мен діни релятивизмге негізделген шығармалардың берері аз деп ойлаймыз. Бұл құбылыс әдебиеттен басқа өнердің өзге салаларына дендеп ене бастағанын ескерсек, Еуропада бір ғасырдан астам

уақыт ықпалын жүргізіп қол жеткізген нәтижелерінен сабақ ала отырып, ділімізге, дінімізге, рухани болмысымызға төнген қауіптен мәдениет өкілдері саналы түрде бас тартқаны жөн деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1 Эко У. Заметки на полях «Имени розы» / пер. с итальянского языка Костюкович – Санкт-Петербург:-

«Симпозиум», 2007.-92 с.

2 Сулейменов О. Преодоление: Стихи и поэмы. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 416 с.

3 Накипов Д. Круг пепла. Роман интенций. – Алматы: Искандер, 2005. – 226 с.

4 Маркс К. К критике гегелевской философии права. / Маркс К. Социология. М. «Канон-пресс-ц», «Кучково поле» 2000.

5 Фуко М. Ницше, генеалогия, история // Ступени. – 2000. – № 1 (11)

6 Емелин В.А. Ницше и постмодернизм // [http://emelin.narod.ru / index. html](http://emelin.narod.ru/index.html).

*Құрманбай А.
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының
кіші ғылыми қызметкері*

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «БҮРКІТ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ СУРЕТТЕРІ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ АВТОР МЕН БАЯНДАУШЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

М.Әуезов шығармашылығын зерттеу оның туындылары жарияланып, халыққа тарай бастаған шағынан-ақ қолға алынды. Сол кезден бастау алған әуезовтану саласындағы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін зерделей